

## Мен өлгенде келіп қалса қатындарым

Мен өлгенде келіп қалса қатындарым,  
Ала көзбен қарамаңдар, жақындарым,  
Көп қатын серіліктің белгісі деп,  
Мені қосар қатарына ақындарым.

Сері десең Қазыбек бабам сері еді,  
Жанына Өтеген батыр еріп еді,  
Білімді серілікпен қуалаған,  
Юнан мен Рум жерін көріп еді.

«Бір қатын жараспайды асыл текке,  
Тұқымың жоғалмасын майдан шетте»  
Деп, өзі Сұңқар мамам алып берген  
Тоқалды өз күйеуі - Қазыбекке.

Құнанбайдың баласы Абай ақын,  
Елден гөрі христьяндарға болды жақын,  
Моральді сақтаса да, ғашық болып,  
Сүйгендерін алған еді – үш-төрт қатын.

Дүниеде Дәурен салдай серің бар ма,  
Жандосовтан асқан елде ерің бар ма,  
Екі рет үйленгенін айтқан дағы,  
Дұрыс емес атамдікі дерің бар ма?

Мен өлгенде келіп қалса қатындарым,  
Қарамаңдар ала көзбен, жақындарым,  
Үйімнің бір-екі күн, ең кемінде,  
Ниеттеніп тұтатқан отындарын.

Құлап жатса Алғатбектей биік терек,  
Қатынымның күндестігі кімге керек?  
Барлық қатын жүрсін жылап аза күні,  
Сынғанында Әжікеде алтын дінгек.

Мен өлгенде келіп қалса қатындарым,  
Көрісіп қарсы алыңдар туысқандарым,  
Ұмытса бұл сөзімді туыстарым,  
Осы өлеңді есіне сал, оқырманым!

А.Қыдырбек-ұлы  
Қазан 2005 ж.